

"ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ" ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІН (ОҒӨК) ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Қарағанды қ.

02.11.2016 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Туризм және мейрамхана ісі» кафедрасының оқу-ғылыми-өндірістік кешені (ОҒӨК) білім, ғылым және қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар интеграциясының ұйымдық формаларының бірі ретінде құрылады.

«Туризм» және «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламаларының шегіндегі ОҒӨК «Туризм және қонақжайлылық» атауына ие.

Өндірістік база ретінде келесі ұйымдар мен кәсіпорындар анықталды: «Меридиан» туристік фирмасы, «Travel House» туристік фирмасы, ЖШС «АБЭМ «Чайка»», «Рубин» мейрамханасы.

ОҒӨК өндірістік базасы ретінде таңдалған осы ұйымдардың негізгі артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

- қызмет көрсетудің заманауи және прогрессивті технологияларын қолдануы;

- ОҒӨК қызметін ұйымдастыру үшін жағдайлардың болуы;

- қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар және ЖОО арасындағы тиімді ынтымақтастыққа деген екі жақты мүдделер;

- оқу жұмысы мен өндірістік тәжірибені ұйымдастыру мәселелері бойынша 2013 жылдан бастап бірлескен жұмыстың оң тәжірибесінің болуы.

Бірлескен жұмыстың негізін өзара тиімді ынтымақтастықтың бағыттары мен басымдықтары анықталған туризм және мейрамхана ісі кафедрасының «Оқу - ғылыми-өндірістік кешенін құру туралы келісімі» құрайды.

Келісімге сәйкес, «Туризм және қонақжайлылық» оқу - ғылыми-өндірістік кешенінің құрамына кіретін серіктес-кәсіпорындар мен кафедра инновациялық және зерттеу жобалары, оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми қызмет, кәсіби бағдар беру жұмыстары сияқты салаларда серіктестік қарым-қатынастарды қолдайды. Әріптестік бағдарламаларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасында туризм мен қонақжайлылық индустриясын дамытуды күшейтуге, инновациялық қоғам құруға ықпал ететін болады.

«Туризм және қонақжайлылық» оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің ғылыми бағыттары, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті үшін анықталған ғылыми басымдықтарды ескере, мамандарды даярлау бейіні, сәйкес салаларындағы зерттеулердің жағдайы мен даму болашағына, кадрлық қамтамасыздық, ұйымның материалдық және қаржылық мүмкіндіктеріне деген қажеттіліктерден қалыптасады.

2. ОҒӨК-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІН ҚҰРУ МАҚСАТЫ

ОҒӨК құрудың мақсаты «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары бойынша тәжірибеге бағытталған мамандарды даярлаудың сапасын арттыру және студенттердің кәсіби құзыреттіліктерге ие болуларын қамтамасыз етуде байқалады.

«Туризм және қонақжайлылық» оқу-ғылыми-өндірістік кешені студенттер және магистранттармен оқу, ғылыми-зерттеу және өндірістік бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді.

«Туризм және қонақжайлылық» оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің жұмысын Қарағанды экономикалық университетінің туризм және мейрамхана ісі кафедрасының меңгерушісі басқарады.

«Туризм және қонақжайлылық» оқу-ғылыми-өндірістік кешені келесі мүмкіндіктерді береді:

- жаңа жетістіктер негізінде туризм және қонақжайлылық индустриясы үшін кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

- туризм және мейрамхана ісі кафедрасының ғылыми әлеуетін туризм мен қонақжайлылық индустриясын дамытудың ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық мәселелерін шешу үшін пайдалану;

- ОҒӨК бірлескен ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу процесінде пайдалану және ҒЗЖ орындауға студенттер мен магистранттарды тарту;

- шет елдердің оқу орындары және туризм және қонақжайлылық индустриясындағы фирмаларымен ынтымақтастықты кеңейту.

3. ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕННІҢ МІНДЕТТЕРІ

Қойылған мақсатқа сай, «Туризм және қонақжайлылық» оқу-ғылыми-өндірістік кешенімен келесі міндеттерді орындау қарастырылған:

1. ОҒӨК құрамына кіретін кәсіпорындардағы жетекші мамандардың, жоспарға сәйкес кафедраның практикаға бағдарланған оқыту, білім беру бағдарламаларының сапасы туралы мәселе көтерілетін мәжілістері мен семинарлары жұмысына қатысулары

2. ОҒӨК қызметінің шеңберінде «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» модульдік білім беру бағдарламалары қарастыратын оқыту формалары бойынша жеке сабақ түрлерін өткізуді жүзеге асыру.

3. Оқу-әдістемелік қамтамасыздықты қалыптастыруға ат салысу, оны ішінде «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерін жағдаяттық тапсырмалар, көрнекі материалдар және басқалармен толықтыру.

4. Білім алушылардың оқу, ғылыми-зерттеу және практикалық жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруға көмек беру; олардың қажетті құзыреттілігі мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

5. «Туризм және мейрамхана ісі» кафедрасының ПОҚ біліктілігін мастер-класс, серіктес-кәсіпорындар базасында өткізілетін біліктілікті арттыру курстары, стажировкаға қатысу есебінен арттыру.

6. Тәжірибеге және оқу процесіне енгізуге және пайдалануға дайындалған ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар, оқу құралдарын жазуға және рецензиялауға қатысу.

7. Білім алушылардың курстық, дипломдық, магистрлік және ғылыми жұмыстарының тақырыптарын келісу, талқылау және ұсыныстар жасау.

8. «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелерге пікір жазу.

9. Жетекші мамандардың оқу орны студенттерінің кәсіби тәжірибесі, ғылыми-зерттеу жұмыстары, курстық, дипломдық және магистрлік жұмыстары жетекшілігіне қатысуы.

10. Бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша ғылыми және ғылыми-практикалық басылымдарда мақалалар дайындау және жариялау.

11. Ғылыми-практикалық конференциялар мен кафедраның СҒЗЖ өткізуге қатысуы.

12. Университет қабырғасында, сондай-ақ, ОҒӨК кіретін кәсіпорындар базасында студенттерді қамтумен мейрамхана және қонақ үй салаларындағы мәселелер тақырыптарында дөңгелек үстел, конференция мен семинарлар өткізу.

13. Білім алушылар және кәсіпорын қызметкерлері арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізуге қатысу.

14. «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламаларының түлектерін жұмыспен қамтуға ат салысу.

4. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША «ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ» ОҒӨК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Оқу бағыты:

- оқу процесін ұйымдастыруға жетекші маман-практиктерді тарту;
- білім беру бағдарламасының пәндері («Туроперейтинг», «Туризмдегі кәсіпкерлік қызметтің негіздері», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесін жоспарлау және ұйымдастыру», «Қонақжайлылық индустриясы кәсіпорындарында қызмет көрсетуді ұйымдастыру» және басқалары) бойынша практикалық қызметкерлердің мастер-класс өткізуі;

- білім беру бағдарламасы шегінде сыртқа шығу сабақтарын өткізу («Мейрамхана және қонақ үй шаруашылығы», «Туристік бизнесті жоспарлау және ұйымдастыру», «Мейрамхана ісі мен қонақ үй бизнесін ұйымдастыру және жоспарлау», «Туризм менеджменті», «Мейрамхана және қонақ үй бизнесінің менеджменті», «Туристік-өлкетану жұмысы», «Визалық құжаттарды ресімдеу», «Мұражайтану», «Саяхаттану», «Туризм инфрақұрылымы», «Мейрамхана және қонақ үй шаруашылығының инфрақұрылымы», «Халықаралық туризм географиясы» және басқа пәндер бойынша).

- «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламаларын бірлесіп өңдеу;
- элективті пәндер каталогын бірлесіп жасау және жаңарту;
- «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламасы студенттерінің оқыту траекториясын қалыптастыру кезінде жеке кеңес беру;
- білім беру бағдарламасының элективті пәндері бойынша ЖАОК-ды бірігіп өңдеу.

Ғылыми бағыт:

- Оқу-ғылыми-өндірістік кешен базасында дипломдық және магистрлік жұмыстарды орындау;
- бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын орындау есебінен білім алушыларды кәсіптік бағдарлау;
- кәсіпорын тапсырысы бойынша дипломдық және магистрлік жобаларды орындау;
- ғылыми баяндамалар мен мақалаларды бірлесіп шығару, конференцияларға қатысу.

Өндірістік бағыт:

- ОҒӨК кәсіпорындарында кәсіби тәжірибеден өту;
- мастер-класстар және біліктілікті арттыру курстарына қатысу есебінен кафедраның ПОҚ-ын кәсіби бағдарландыру; студенттер мен ПОҚ-тың тағылымдамалардан өтуі;
- кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша жобаларды орындау (кәсіпорынның жарнамалық жобасын құру, жеке туристік маршрутты, экскурсия жоспарын әзірлеу, тұтынушылардың әр түрлі санаттары үшін мәзір әзірлеу және т.б.).

5. СТУДЕНТТЕРГЕ МҮМКІН ТӘЖІРИБЕ АЛУ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ОҒӨК кәсіпорын өкілдерінің қатарынан кәсіби практикаға жетекшілікті қамтамасыз етуге, кәсіптік практика бағдарламаларын және жеке тапсырмаларды бірлесіп әзірлеуді жүргізуге мүмкіндік береді.

Оқу жоспарына сәйкес «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» мамандықтарының студенттері оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтеді. «Туризм және қонақжайлылық» ОҒӨК кәсіпорындары студенттер, магистранттарға өздерінің зертханаларын, бөлімдерін және басқа орын-жайларын оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін орындау үшін ұсынады, сонымен қатар олардың университетте оқу барысында өндірістік еңбекке қатысулары үшін жұмыс орындарын бөледі және тәжірибеден өту кезінде тәжірибесі мол қызметкерлерді бекітеді.

Туризм және мейрамхана ісі кафедрасы ҚҚЭУ-нің шетелдік серіктес-жоғары оқу орындарымен (Самарқанд экономика және сервис университеті

(Ўзбекистон, Самарқанд қ.), Я. Кодолани атындағы қолданбалы ғылымдар университеті (Венгрия, Секешфехервар қ.) тәжірибе бағдарламаларын бірлесіп жасау мүмкіндігін қарастырады. Оқу (халықаралық) тәжірибесінің бірлескен бағдарламасы студенттердің шетелдік тәжірибе және тағылымдаманы туризм және қонақжайлылық индустриясы кәсіпорындарында («Novotel», «Венгр Король» қонақ үйлері - Венгрия, Секешфехервар қ.; «Согда тур» турфирмасы - Өзбекистон, Самарқанд қ.) өту мүмкіндігін қарастырады.

6. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР, ТРЕНИНГТЕР, БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ:

- кәсіпорын қызметкерлерінің «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» мамандықтары бойынша жоғары және екінші жоғары білім алулары, магистратурада оқу;

- өзара мүддені қозғайтын бірлескен ғылыми симпозиумдар, семинарлар, конференциялар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, мастер-класс және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу; оқыту семинарлары, тренингтер, қызметкерлердің тағылымдамаларын өткізу;

- қызметкерлердің жұмысқа орналастыру жәрмеңкелеріне, туризм және мейрамхана ісі кафедрасының күндеріне, Қарағанды қаласы мен облыс мектептері мен колледждеріндегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қатысулары.

7. «ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ» ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІН ҚҰРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- «Туризм және қонақжайлылық» ОҒӨК құрамына кіретін кәсіпорындарында тәжірибелік қызметкерлермен мастер-класстар және сыртқа шығу сабақтарын өткізу арқылы теориялық материалдарды тәжірибеде бекіту;

- «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларының кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы;

- элективті пәндердің өзекті курстарын әзірлеу және енгізу;

- мастер-класстарға және біліктілікті арттыру курстарына бару есебінен кафедраның профессорлы-оқытушылар құрамының кәсіби бағдарлануы;

- бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын орындау есебінен студенттердің кәсіптік бағдарлануы;

- бірлескен мақалалар, ғылыми баяндамаларды жариялауға әзірлеу, конференцияларға қатысу;

- ОҒӨК ғылыми-зерттеу қызметіне студенттерді, магистранттарды тарту.

Тараптар:

Ректор Карагандинского
экономического университета
Казпотребсоюза
д.э.н., профессор



Аймагамбетов Е.Б.

Директор
ТОО Турфирма «Меридиан»



Дущенко Л.Д.

Директор
ТОО Турфирма «Travel House»



Калашникова Е.Н.

Директор
ТОО «АБЭМ»
ГК «Чайка»



Коростелев И.А

Управляющий директор
ТОО «Энергия плюс»
Ресторанный комплекс «Рубин»



Бисмельдина Н.Б.